Азиадада ҚазҰУ-дың да үлесі бар

БӘРЕКЕЛДІ!!!

Бүгінде әлем халықтары назар аударып отырған 7-ші қысқы Азиаданың бастау алуы еліміздің спорт тарихына үлкен сілкініс берді. Азиада алауы елімізге әкелініп, Қазақстанның түкпір түкпірін аралап келгенде "Жалында, алаула" деген жалынды ұрандар айтылып жатты. Азиада алауын ұстап жүру әр саланың ең үздік, мыңнан тұлпар, жүзден жүйрік өкілдеріне аманат етілгені де алаугерлерге патриоттық сезім тудырып, үлкен сенім оятқан болатын.

Алауды ұстап жүру мәртебесі әр саланың ең үздік, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар өкілдеріне бұйырды. Осы кезекте әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің 1-курс студенті Қуаныш Әбутәліпов алаугерлер қатарынан табылды. Еліміздің көшбасшы университетінде дәріс алып жатқан Қуаныш мектеп қабырғасында жүріп-ақ біліктілігімен көзге түсті. Ол қазақ тілі және әдебиеті пәні бойынша өткізілген республикалық пәндік олимпиадаларда жүлделі орындарды иеленіп үлгерді. Жас та болса үлкен жетістіктерді бағындырып жүрген студентке бұйырған алаугер мәртебесі оған үлкен рух пен қасиетті қарашаңырақтың ең үздік студенті қатарының көшін бастауға үлес қосты. Осы орайда 31 қаңтарда өткен Ректорат мәжілісінде ректор Ғалымқайыр Мұтанов әлем назарын аударып отырған 7-ші қысқы Азия ойындары алау эстафетасының алаугері ҚазҰУ-дың филология факультетінің 1-курс студенті Қуаныш Әбутәліповке Азия Олимпиадалық кенесінің президенті Шейх Ахмед Әл-Фахад, Ұлттық Олимпиада комитетінің президенті Т.Досмұхамбетов, 7-ші қысқы Азия ойындары алау эстафетасы дирекциясының басшысы Н.Нұровтың қолы қойылған арнайы сертификатты табыс етті.

Саягүл ҚАБЫЛБЕККҚЫЗЫ

Азиада – асқақ армандар бастамасы

МӘРТЕБЕ

Тәуелсіздігіміздің жиырма жылдығы қарсаңында қазақ елінінен тағы бір жақсы хабар төрткүл дүниені шарлай жөнелді. ЕҚЫҰ-ға табысты төрағалық еткеннен кейін еліміздің мандайына дүбірлі дода – 7-ші Қысқы Азия ойындарын өткізу мәртебесі жазылыпты. Бұл да болса бесігіміздің түзеліп, шаңырағымыздың нық орналасқандығының белгісі емес пе!?

Халқымыз асыға күткен айтулы спорт шарасын ұйымдастыруға алуан күш жұмсалды. Астана мен Алматы қалаларындағы спорт кешендері күрделі жөндеуден өткізілді. Еліміздің мақтаныштары Медеу мұз айдыны мен Шымбұлақ спорт кешені әлемдік деңгейдегі сайыстарды қабылдай алатындай дәрежеге жеткізілсе, кейбір спорт нысандары жаңадан бой көтерді. Оған келетін қонақтарды күтіп алу, жайғастыру, өнер көрсетуге қолайлы жағдай жасау, күнделікті қажеттіліктермен қамтамасыз ету мәселелерін қосыңыз. Атқарылатын іс аз емес.

Қысқы Азия ойындарының қарсаңында Алматы және Астана қалаларында спорт додасын өткізуге көмек көрсету үшін еріктілер тобы жинала бастады. Еріктілер – келген қонақтар алдындағы Қазақстанның айнасы екені сөзсіз. Өйткені, нақ осы ерікті жастарға қонақтарды әуежайдан күтіп алудан бастап әрбір қадамы сайын қолдарынан келгенше көмек көрсету жүктелді. Ондай жауапкершілігі мол жүкті алып жүру, артылған сенімді ақтау оңай шаруа емес. Арқаға артылған жүк – халық сенімі, Қазақстанның мәртебесі. Сол мәртебенің қандай биікке көтерілетіні саған байланысты екенін ойлағанда мақтаныш пен үрей қатар келеді. Мақтаныш дейтінім – осындай бақтың нақ саған түскендігі, үрей дейтінім – қаншалықты дәрежеде өз шаруаны тиянақты орындайтындығың.

7-ші қысқы Азия ойындарында еріктілер қызметі бірнеше бағытта жүреді. Олар: әуежай қызметі – келетін және кететін қонақтарға әуежай маңайында қызмет көрсету, қонақ үй қызметі – келген қонақтарды қонақ үйлерге жайғастыру, спорт кешендерінде қызмет көрсету, аккредитациялық бөлім, көлік бөлімі, спортшылар мен қонақтарды алып жүру қызметі т.б.

Аталған әрбір қызметтің өздеріне тән міндеттері мен жауапкершіліктері бар.

Біз де қоғам алдындағы азаматтық парызымызды орындау мақсатымен еріктілер тобынан тыс қала алмадық. Жеке бізге жүктелген міндет – Оңтүстік Корея спортшыларын алып жүру.

Әрбір өткізілетін шараның өз қаһармандары болады. 7-шы қысқы Азия ойындарының қаһармандары – сайысқа қатысушы спортшылар. Азия ойындарының ұйымдастырылуына да, өткізілуіне де, спорт кешендерінің қаншалықты әлемдік деңгейге сай екендігіне де бағасын беретін - спортшылар. Жеке өзімнің тәжірибемнен айтарым, Оңтүстік Кореялық спортшылар жоғары бағасын берді. Атақты Оңтүстік Кореялық Пхенчхан қаласымен салыстыра отырып, Алматыдағы кешендердің 2018 жылғы қысқы Олимпиада ойындарын өткізуге үміткер қаладағы (Пхенчхан) кешендерден анағұрлым жақсырақ екендігін кореялық спортшылар мойындап отыр. Оған қоса, қазақ жастарының (еріктілер тобы) бірнеше шет тілін жетік меңгергендігін көріп тіптен таң қалды. Мұның барлығы еліміз үшін қуанарлық жайт. Осы дода сол қуанышымыздың тек бастамасы болғай!

Мартин Лютер Кинг айтпақшы «менің арманым бар»! Менің арманым бар – татулық пен бейбітшілікті ұран еткен қазағымның туы көк аспанда мәңгілік желбірейді деген; менің арманым бар – баласын бесіктен тәрбиелеген халқымыздың болашағы жарқын болады деген; менің арманым бар – бесіктегі сәбиі ер жетіп, ел намысын қолдан бермейді деген; менің арманым бар – көптеген айтулы оқиғалар Қазақстан атын төрткүл дүниеге танымал етеді деген! Және мен, Қазақстан Республикасының азаматы, осы армандарымның орындалатындығына сенемін!

Арынов Жәнібек РАХМАТҰЛЫ,
7-ші қысқы Азия ойындарының еріктісі,
халықаралық қатынастар факультетінің
3-курс студенті

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
Бас редактор – Дәрмен СМАЙЫЛ
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Редакторлар – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА, Уәли ҚЫДЫРОВ
Фототілші – Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген.

МЕКЕН-ЖАЙЫ:
050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, бетталды.
"Қазақ университеті" баспаханасында (Әл-Фараби даңғылы, 71) басылды.
Тел.: 8 (727) 3-77-33-31 (13-68)

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы – 1000 дана.
Көлемі 2 б.т.
Индексі 65989.
Тапсырыс №109

● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

Қазақ университеті

№2 (1389)
4 ақпан
2011 жыл

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

ҚАЗҰУЛЫҚТАР ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫН ҚЫЗУ ҚОЛДАДЫ

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың дәстүрлі Қазақстан халқына жолдауы 31 қаңтарда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ректорат мәжілісінде кеңінен талқыланды. Философия және саясаттану факультетінің деканы Ақтолқын Құлсариева жолдауға байланысты арнайы баяндама жасады. Мәжіліс барысында ректорат мүшелері өз ой-пікірлерін ортаға салып, кезекті Елбасы жолдауы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарына тың серпін беретіндігіне тоқталды.

28 қаңтардағы Қазақстан Президентінің кезекті жолдауы қазірде еліміздің түкпір-түкпірінде қызу талқыланып жатыр. Сарапшылар бұл жолдаудың елдің әлеуметтік бағдарына соны қадамдар жасауға мүмкіндік беретінін айтады. Өз кезегінде жолдауға қолдау көрсету мақсатында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғалымдары апта басында Ректорат мәжілісінде бас қосты. ҚазҰУ ғалымдары кезекті жолдау ғалымдардың көптен күткен мәселелеріне нақты жауаптар берді дегенді алға тартады. Ректоратта жолдау туралы басты баяндаманы жасаған Ақтолқын Тұрлыханқызы:

- Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдау тақырыбының «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» деп аталуы өте орынды. Расында, осы Жолдауда Елбасы атап өткендей, біз үшін ерекше қастерлі жыл - тәуелсіздігіміздің 20 жылдық мерейтойына әлемдік оқиғалардың қалтарысында қалып қоймай жетуіміз қазақ еліндегі бейбітшілік, келісім мен жасампаздықтың жемісі. Тек осы қасиетті ұштіктің арқасында ғана болашақ іргесі бірге қаланатындығы анық.

(Жалғасы 2-бетте)

Маман алдымен адами болмысты игеруі керек. Ол дегеніміз жоғары әлеуетті интеллектуалды ұлт болудың алғы шарты. Кезінде ұлт көсемдерінің көксеген арманы да осы идеяны ұран етті. Бүгінде Елбасының қоғам алдына қойып отырған нақты талаптарының бірі де – интеллектуалды ұлт қалыптастыру.

"Тәрбиесіз берілген білім – қауіпті"

Осы орайда ұрпақ әлеуетін дамытуда қоғамның негізгі күші жоғары оқу орындары екендігін басты назарға алған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Ғалымқайыр Мұтанұлы университеттегі гуманитарлық блокты дамытып, кеңес құруды қолға алу керек деген ұстанымымен қарашаңырақтың ақсақалдар алқасы және гуманитарлық факультет декандарының басын қосып, гуманитарлық салаға арналған арнайы отырыс өткізді.

Ақпан айының 2-ші жұлдызында болған бұл рухани отырыста гуманитарлық ғылымдардың басын құрайтын әр салаға тереңнен ден қойылып, тұлға қалыптастыру үшін бүгінгі ұрпақ өкілдерінің білімі мен біліктілігін арттыра түсу жолдары қарастырылды. Сөзден іске көшетін нақты кез келгендігін демеу еткен басқосуда ректор: "Интеллигенция қоғамдағы өз рөлін орындап жатыр ма? Ұстаз интеллигенцияның басты өкілі. Ұстаз болған соң басты міндет – тәрбиеге жауап беру. Осы орайда тәрбие құндылықтарының ұлттық деңгейін қарастыруымыз керек.

(Жалғасы 3-бетте)

БҮГІНГІ САНДА:
«Построим будущее вместе!» 2-бет

БҮГІНГІ САНДА:
Елбасы жолдауы – болашаққа тың бағдар 4-5-беттер

БҮГІНГІ САНДА:
В КазНУ аль-Фараби состоялось очередное заседание секции Республиканского учебно-методического Совета 7-бет

«Построим будущее вместе!»

РЕКТОРАТ

28 января многотысячный коллектив КазНУ им. аль-Фараби в прямом эфире смотрел очередное Послание Главы государства Нурсултана Назарбаева «Построим будущее вместе», в котором дана объективная картина достижений Казахстана, оценка проделанной работы и поставлены цели на будущее.

Социальная направленность Послания, кардинальное решение вопросов образования, здравоохранения, развития языков, занятости, ЖКХ, обеспечения качественной питьевой водой, несомненно, положительно повлияют на улучшение благосостояния каждого казахстанца.

Положения Послания нашли живой отклик у студентов и преподавателей, особенно в вопросах реформирования системы образования.

К 2020 году будет осуществлен полный переход на 12-летнюю модель обучения. Для этого к 2015 году будет построено не менее двухсот школ за счёт средств республиканского бюджета и столько же - за счёт местных бюджетов.

К 2015 году 50 процентов организаций образования будут использовать электронное обучение, а к 2020 году их численность возрастёт до 90 процентов.

Коллектив ведущего вуза страны единодушно поддержал инициативы Лидера нации, направленные на дальнейшую модернизацию образования. Реализация обозначенных в Послании комплексных мер выведет университетское образование и науку на качественно новый уровень развития.

Главными ориентирами для университета должны стать задачи, поставленные Президентом страны, - два вуза должны войти в рейтинг лучших вузов мира, 5 процентов вузов – осуществлять инновационную деятельность и внедрять результаты научных исследований в производство, 30 процентов – пройти аккредитацию по международным стандартам.

Особый акцент в Послании сделан на то, чтобы результаты научных исследований стали одной из главной составляющей реального сектора экономики, были востребованы и активно внедрялись в производство, приносили пользу обществу. А качественное образование должно стать основой индустриализации и инновационного развития Казахстана.

Большое внимание уделяется в каждом Послании сфере здравоохранения. За годы независимости были построены и сданы в эксплуатацию новые медицинские центры, материально-техническая база лечебных учреждений стала соответствовать международным стандартам.

К 2013 году будет завершено внедрение Единой национальной системы здравоохранения, к 2015 году – построено 350 врачебных амбулаторий, фельдшерско-акушерских пунктов и поликлиник.

Пропаганда здорового образа жизни, профилактика заболеваний и повышение качества первичной медико-санитарной помощи, расширение доступности медицинской помощи для сельских жителей станут главными направлениями системы здравоохранения.

В результате выполнения поставленных задач к 2015 году ожидаемая продолжительность жизни казахстанцев должна увеличиться до 70-ти лет, а к 2020 - до 72-х лет и более.

Огромное достижение независимости – это государственный язык. К 2017 году число казахстанцев, овладевших государственным языком, должно составить не менее 80-ти процентов, а к 2020 году - не менее 95-ти. Через десять лет 100 процентов выпускников школ будут владеть государственным языком. Кроме того, большое внимание будет уделяться развитию русского языка и языков других казахстанских этносов.

Каждый гражданин должен стремиться знать как минимум три языка – казахский, русский и английский. К 2020 году доля населения, владеющего английским языком, должна составлять не менее 20-ти процентов.

2011 год особенный для нашей страны, он пройдет под девизом «20 лет мира и созидания». Коллектив КазНУ им. аль-Фараби связывает успехи и достижения Казахстана за 20 лет независимости с ее лидером Нурсултаном Назарбаевым. Мир и согласие в многоязычном и многоконфессиональном Казахстане - это основа успешного выполнения задач, поставленных Президентом страны.

Послание «Построим будущее вместе» активно обсуждается на всех факультетах и кафедрах среди студентов и преподавателей университета. Студенческий комитет молодежи провел дебаты по обсуждению основных направлений программного документа. Послание стало главной темой воспитательных часов эдвайзеров-кураторов.

Енлик АКЖИГИТ

Қазұулықтар Елбасы жолдауын қызу қолдады

(Басы 1-бетте)

ЖОЛДАУ

Биылғы жолдаудың әлеуметтік жаңаруға бағытталған негізгі саяси қадамдарға бастайтындығы байқалады. Әлеуметтік жаңару – ел жаңаруы, ал ел жаңаруы біздер мен сіздерден басталары сөзсіз. Ендеше, «ауызбіршіліктен айнымайтын ақжүрек жұртымның қуатты ұлтқа, шуақты ұлысқа айналарына кәміл сенемін» деген ұлт көшбасшысымен бірге алдағы биік мақсаттарға бірлесе жету үшін бар жан жалынымызды аямай қызмет етейік! – деп ортаға жалынды үндеу тастады.

Сондай-ақ, заң факультетінің деканы Дәулет Байдельдинов: «Елбасы атаған екі үздік жоғары оқу орнының бірі біз болуымыз керек. Осыған университет оқытушылары белсенділік танытады деп сенемін», - деді. Ал профессор Сейфолла Сапанов: «Жолдаудағы Елбасы сөзінде иллюзия жоқ. Елдегі индустриялық-инновациялық стратегиялар нақтыланды. Осыған орай, кадр мәселесі де қаралды. Ең бастысы, сапалы білім беруді арттыру мен халық денсаулығына ерекше көңіл бөлінуі керек екендігін атап айтты», – деп жолдаудың өзіне ұнаған тұстарын саясаттанушы ретінде тізбелеп, кеңінен тарқатып берді.

– Өздерінізге белгілі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жолдау арқылы жоғары оқу орындары жұмысын жандандыруға байланысты біраз тапсырмалар берді. Оның негізгісі Елбасы атаған әлемдік рейтингке кіретін екі жоғары оқу орнының бірі болу – біздің басты міндетіміз болмақ. Бұл бағытта Президент қойған жоғары оқу орындарының инновациялық қызметтің 5 пайызына иелік етуі, ғылыми-зерттеу нәтижелерінің өндіріске енгізілуі, 30 пайызы халықаралық стандартқа сәйкес аккредитациядан өту қажеттігі секілді тапсырмалар басым бағдаршамымыз ретінде қаралатын болады. Біз Елбасы жолдауында көрсетілген міндеттерді іске асыруда бар күш-жігерімізді, біліміміз бен тәжірибемізді аямай қызмет ететін боламыз, - деп атап өтті ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтанов.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

Кто такой культурный антрополог?

ҚЫСҚА СҰҚБАТ

Специализация «культурная антропология» готовит экспертов в области национальных и культурных традиций, этикета, обычаев, верований, мифологии, традиционной народной педагогики и народной медицины, межкультурных контактов в сфере бизнеса, образования, туризма, миграционной политики, межэтнической адаптации в многонациональных регионах Казахстана, странах ближнего и дальнего зарубежья.

Квалифицированные культурологи, получившие высшее образование в КазНУ имени аль-Фараби, будут востребованы как профессионалы: в органах управления государственного и муниципального уровней; в бизнес-структурах с целью научно-информационного и социокультурного обеспечения их деятельности; в политических и общественных структурах, осуществляющих решение задач межкультурного взаимодействия, национальной и региональной безопасности; в высших учебных заведениях на преподавательских и административных должностях; в деятельности по социокультурному просвещению общества, этномаркетинговых проектах; в научно-исследовательских институтах, социологических службах в качестве консультантов-экспертов.

Преподаватели кафедры культурной антропологии факультета философии и политологии – это высококвалифицированные специалисты, среди них: 9 докторов наук, 3 кандидата наук, 1 доктор PhD. Широкая специализация кафедры позволяет сочетать различные направления актуальных научных исследований. Курс по «Қазақтану» читает доктор философских наук, профессор Молдабеков, дисциплину «Памятники культуры» ведет доктор философских наук, профессор Т.Х.Габитов, «Постмодерн и культура» доктор философских наук, профессор Б.Г.Нуржанов, «История философии XX века» доктор философских наук, профессор З.Н.Исмагамбетова, «Лингвокультурология» доктор философских наук, профессор А.Т.Кулсариева, «Мусульманская средневековая культура» доктор философских наук, профессор Б.И.Абирова, «Культурная антропология» доктор философских наук, профессор А.Р.Масалимова, «Модерн и культура» доктор философских наук А.К.Жолдубаева.

Возглавляет кафедру доктор философских наук, профессор Г.К.Абдигалиева, основная научная проблематика которой – исследование аксиологических особенностей казахской культуры и философии.

Студенты, наряду с культурологической подготовкой, получают знания антропологических дисциплин, ориентированных на практическую деятельность в региональных и городских административных структурах, общественных и коммерческих организациях, в сфере высшего и среднего образования.

А.К. ЖОЛДУБАЕВА,
доктор филол. наук, доцент кафедры культурной антропологии ФФиП

ҚЫСҚА СҰҚБАТ

Новые образовательные технологии, развитие исследовательского университета, академическая мобильность – главные темы очередного заседания секции гуманитарных и естественнонаучных специальностей Республиканского учебно-методического Совета (РУМС) высшего и послевузовского образования Министерства образования и науки Республики Казахстан с участием проректоров 20 вузов Казахстана, которое состоялось 28 января 2011 г.

В КазНУ аль-Фараби состоялось очередное заседание секции Республиканского учебно-методического Совета

Секция РУМС, объединяющая ведущие вузы нашей страны, председателем которой является ректор КазНУ им. аль-Фараби Галимкаир Мутанович Мутанов, сегодня осуществляет взаимодействие и координацию учебно-методической работы вузов по 117 курируемым специальностям.

В современных условиях потребности казахстанской экономики требуют подготовки кадров высшей квалификации, способных генерировать новые знания и оказывать квалифицированные услуги. Это актуализирует проблему создания исследовательских университетов в Казахстане, эффективно осуществляющих образовательную и научную деятельность на основе принципов интеграции науки и образования. Другой важный вопрос, который стоит перед казахстанскими вузами, – это дальнейшее совершенствование образовательных программ, обеспечение их гибкости в соответствии с запросами личности и рынка труда, развитие системы программ послевузовской подготовки. Безусловно, все это определяет перед Секцией Республиканского учебно-методического Совета высшего и послевузовского образования на базе КазНУ основные задачи на предстоящий год и перспективу.

Проректора казахстанских вузов ознакомились с новыми подходами КазНУ им. аль-Фараби, направленных на развитие международного и межвузовского сотрудничества в реализации совместных научных и образовательных проектов, академической мобильности между вузами-членами Секции РУМС.

В ходе заседания с докладом «Трансформация классического университета в исследовательский университет» выступил первый проректор КазНУ им. аль-Фараби М.М.Буркитбаев, который отметил, что создание исследовательского университета будет не только новой ступенью в развитии университета, но и станет источником передовых технологий и кадров высокой квалификации.

Оживленную дискуссию вызвал доклад проректора по учебной работе КазНУ им. аль-Фараби М.К.Орунханова и директора Департамента по академическим вопросам Г.Т.Балакаевой «Новые экспериментальные образовательные программы в КазНУ им. аль-Фараби», где предложен ряд конкретных мер, необходимых вузам для совместного внедрения модульной системы обучения на основе компетентностного подхода. По мнению докладчиков, данная система способствует совершенствованию организации учебного процесса, открывает возможность оперативного реагирования на интересы обучающихся, а через них – и на запросы работодателей, т.е. рынка труда.

В ходе заседания Секции РУМС на базе КазНУ имени аль-Фараби также были обсуждены актуальные вопросы, касающиеся обеспечения эффективного трансфера знаний в экономику, проведения широкого спектра фундаментальных и прикладных исследований, коммерциализации научных разработок.

Активное обсуждение на заседании вызвал один из насущных вопросов в сфере образования – повышение качества учебников и учебных пособий. По сути дела, издание нового поколения учебников и учебных пособий является одним из важных направлений в деятельности секции РУМС на базе КазНУ имени аль-Фараби. Было отмечено, что необходимы учебники, ориентированные на формирование и развитие профессиональных компетенций будущих специалистов. Поэтому, в первую очередь, необходимо усилить работу подсекций по специальностям и учебно-методических комиссий в этом направлении.

Примечательным является то, что заседание Секции РУМС совпало с историческим событием политической жизни нашей страны – Посланием Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана.

После прямой трансляции Послания Президента Нурсултана Абишевича Назарбаева на заседании секции РУМС все участники проректора 20 вузов Республики Казахстан, деканы факультетов КазНУ им. аль-Фараби единодушно высказали мнение, что реализация поставленных Президентом задач в сфере образования станет важнейшим приоритетом в деятельности университетов и, в частности, секции РУМС на базе КазНУ имени аль-Фараби. Они выразили уверенность в том, что нынешнее Послание Главы государства будет способствовать достижению стратегических целей развития образования и науки, обеспечит реальную конкурентоспособность Казахстана в мире.

Ученый секретарь секции РУМС на базе КазНУ имени аль-Фараби, доктор политических наук, профессор Г. Насимова

Әр жүрекке жол тартқан

Сағатбек МЕДЕУБЕКҰЛЫ,
журналистика факультеті, баспа ісі және БАҚ дизайны кафедрасының меңгерушісі

ҚР Президентінің биылғы Жолдауы тәуелсіз Қазақстанды ЕҚЫҰ-ның Астанада өткен саммиті арқылы дүние жүзінің қызығуына қызғаған әрі өткені өнегелі, келешегі келелі, іргесі мықты, қойнауы құтты мемлекет екендігін тағы бір мәрте мойындағаннан соң және VII Қысқы Азиада ойындары арқылы тағы бір танитыны қарсаңында болуының тарихи мәні зор, саяси салмағы үлкен. Мемлекетіміздің саяси әлеуметтік құрылымдарының барлық саласында атқарылған істерге байыпты баға берген, сонымен бірге дәл қазіргі ішкі және сыртқы мүмкіндіктерімізді әділ таразылаған және соған орай алдағы істелер маңызды жұмыстарды нақты көрсеткен. Жолдауда айтылған үш басым бағыттың негізгісі білім беру жүйесіне арналғандығы әр студентке, магистрантқа, докторантқа, оқытушы-профессорға үлкен жауапкершілік жүктейді. Білім берудің барлық жүйесінде әлемдік тәжірибелердің озық үлгілерін пайдалана отырып, халықаралық стандарттарға талап бере алатын, бәсекеге лайық, жаңа заманда жаңаша ойлай алатын мамандар даярлаудың тың міндеттері ұсынылды. Сапалы білім беруді ғылыммен ұштастыру жаңа жолға қойылмақ. Бұрынғы кандидаттық, докторлық атақ беру жөніндегі диссертациялық кеңестер өз жұмысын тоқтатып, енді жаңа жүйе бойынша магистратура мен докторантурада білім беру мен ғылыми ізденістерге жол ашу тапсырылды. Ұлттық ғылыми зерттеу университеттерін құру және бұған дейінгі көптеген жаңа талаптарға жауап бере алмайтын ЖОО-ны оңтайландыру жүктелді. Алдағы жылдарда жалпыға ортақ білім беру мектептерінде 12 жылдыққа ауысуы, сондай-ақ, 200 мектептің салынуы, білім беру салаларының 50 пайызының электронды оқу жүйесіне көшірілуі – тың серпіндерге жол ашатыны сөзсіз.

Бүгінде Қазақстан халқының 70 пайызы мемлекеттік тілде сөйлей бастаса, 2020 жылға дейін бұл көрсеткіш 95 пайызға көтерілмек. Енді 10 жылдан кейін Қазақстанның барлық мектеп түлектері түгел мемлекеттік тілде сөйлемек. Билік саласында, басқару жүйесінде мемлекеттік тілде сөйлеуге баса назар аударылды. Демек, бұл Жолдау ұлтымыздың ұрпағының рухын көтеретіндігімен, отансүйгіштік, мемлекетшілдік сезіміне сенім қосатындығымен құнды.

Н.Е.КОРОБОВА,
профессор КазНУ им. аль-Фараби

Цели достижимы

Послание Президента РК Н.Назарбаева народу Казахстана от 28 января 2011 года представляет собой значимый, фундаментальный документ, который направлен на обеспечение устойчивого социально-политического развития Казахстана и укрепление экономической мощи государства.

В своем Послании Лидер нации подводит итоги и ставит новые задачи. С гордостью отмечается о выполнении намеченных планов: например, об увеличении ВВП на душу населения с 700 долларов США (1994 г.) до 9000 долларов (к 1 января 2011 г.). Это впечатляющие и неоспоримые успехи в достижении поставленных целей, которые еще раз подчеркивают верность выбранного курса, грамотный подход к расстановке приоритетов, наличие в обществе понимания предпринимаемых шагов и мер.

Важнейшей составной Послания стала Программа индустриально-инновационного развития, определяющая конкретные цели, задачи и параметры социально-экономического укрепления Казахстана в предстоящий период: форсированная индустриализация и развитие инфраструктуры, инвестиции в человеческий капитал, обеспечение населения качественными социальными и жилищно-коммунальными услугами.

Бывая за рубежом, на встречах я привожу в пример мой Казахстан, который в 2010 году признан лидером по проведению реформ в интересах бизнеса, а в мировом рейтинге стран с наиболее благоприятным бизнес-климатом занимает 59-е место. Нельзя не согласиться с глубоко правильными предложениями Н.Назарбаева, касающимися главной цели наших программ - укрепление благосостояния народа через социальную модернизацию.

Президент страны дальновидно отводит большую роль в процессе качественного образования новым научно-исследовательским университетам. К 2020 году предполагается увеличение до 5-ти процентов доли вузов, осуществляющих инновационную деятельность и внедряющих результаты научных исследований в производство. Примером инновационной модели высшего учебного заведения для всех нас является новый «Назарбаев-университет». Реализация масштабных планов в сфере образования окажет существенное влияние на выполнение поставленной цели - сделать так, чтобы не менее двух вузов вошли в рейтинг лучших мировых университетов.

Преподаватели КазНУ им.аль-Фараби живут и работают с девизом - «образование в течение жизни», и определенные в Послании подходы к решению задач в образовании, характеризующиеся комплексностью и всесторонней продуманностью, несомненно, будут способствовать достижению выполнимой для нас цели – войти в рейтинг лучших мировых университетов.

Перизат ҮРКІМБАЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті

Болашаққа сенімізді нығайтты

Президенттің биылғы жолдауын республикамыздың өзге азаматтарымен бірге білім саласының қызметкерлері, студенттер де қуанышпен қарсы алды. Оның өзіндік себебі де бар. Өйткені, президенттің биылғы халыққа жолдауында білім мен ғылымды дамытуға, жас ғалымдар мен студенттердің әлеуметтік жағдайларын көтеруге айрықша назар аударылған. Осыдан да болар, президент жолдауын талқылауға студенттер барынша ықылас танытты.

«Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» деп президент жолдауының аты айтып тұрғандай, біздің де оған қосар өз үлесіміз бар. Егер біз бүгінде жақсы оқып, тиянақты білім алып шықсақ, болашақтың іргесін қалағанымыз осы емес пе?!» – дейді жастардың қалың пікірі.

Елбасы жолдауында қадап айтқан ғылымдағы инновациялық жаңалықтардың дамуына химия ғылымының да қосар үлесі мол. Бұл тұрғыда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ химия факультетінің «жоғары молекулалы қосылыстар» кафедрасында да ауыз толтырып айтарлықтай жұмыстар жасалуда. Былтыр ғана факультеттің жаңа оқу ғимаратының ашылу салтанатына келген президент Н.Ә.Назарбаев біздің кафедрада болып, кафедра меңгерушісі, химия ғылымдарының докторы, профессор Г.А.Мун Елбасын кафедра жетістіктерімен таныстырып шықты. Кафедрадағы тәжірибелі аға буын ұстаздар – химия ғылымдарының кандидаттары, доценттер Р.Ә.Әбдіқалықова, Р.А.Манғазбаева, Ж.К.Жатқанбаева, А.К.Тоқтабаева және аға оқытушы Р.К.Рахметуллаева кеудесінде оты бар, білсем деп ұмтылып тұрған жастарды білім нәрімен сусындатып, кафедрада атқарылып жатқан ғылыми жұмыстарға тартуы олардың бойында ғылымға деген ерекше бір қызығушылықты, құлшынысты тудырды. «Біз ғылымның өзге бір планетадағы қол жетпейтін дүние емес, шын ықылас танытып, ыждағатпен, ерінбей еңбектенсең, табысқа қол жеткізуге болатын сала екендігін біртіндеп түсініп келеміз», – дейді бұл орайда студенттер.

Осы тұрғыдан келгенде биылғы президент жолдауындағы ғылымды нарықпен ұштастыру, ғылымға қаржылық қолдау жасаудың, жас ғалымдарға әлеуметтік, баспана жағынан қолдау көрсетудің тетіктерін қарастыру туралы президенттің үкіметке берген тапсырмалары болашаққа деген сенімізді бұрынғыдан да нығайта түсті.

"Тәрбиесіз берілген білім – қауіпті"

(Басы 1-бетте)

Ол үшін пікір алмасып, корпоративті мәдениет қалыптастырып, гуманитарлық кеңес құрып, университетте оқытылатын гуманитарлық пәндердің қажеттілігін арттыруымыз керек", – деп оқытушы-профессорлар мен ғалымдарды үлкен бастамаға шақырды. Сонымен қатар университет басшысының айтуынша, гуманитарлық кеңес құру үшін Абай, Шәкәрім ілімдері, білім мен ғылымды жаңаландыру сияқты ұстанымдар негізге алыну керек.

Университетте дәріс алып жатқан болашақ маман бойына ұлттық рух пен адами болмысты, терең тәрбиені сіңіру бағытында қолға алынған мұндай бастамаларда аға буынның да айтары бар. Осы кезекте тарих факультеті деректану және тарихнама кафедрасының меңгерушісі Қамбарбек Атабаев: "Тарих ғылымдарын түгел қайта қарау керек. Тарихтың оқытылуы төмендесе ол санаға кері әсер етеді, себебі, тарих барлық ғылымдардың діңгегі", - дейді. Ал академик Сұлтан Сартаев: "Көркем әдебиетті оқу, тарихи әдебиетті көп оқу – сананы өркендетеді, дамытады. Біздің басты мақсатымыз студенттерді көп оқуға бейімдеу. Бүгінде сөздіктер, оқулықтар, әдебиеттер жеткілікті. Тек жастардың оқуға, кітапқа деген құштарлығын арттыруға ықпал етуіміз керек", - деген аталы ойды алға қойды. Бұл отырыс гуманизм мен гуманитарияны дамытуға бағытталып отырғандықтан ұсыныстар мен тілек, лебіздер де толастамады. М.Әуезов, Е.Бекмаханов, Т.Амандосов, Қ.Бекхожин, Т.Қожекеев, З.Қабдолов сынды қазақ зиялылары дәріс оқыған киелі шаңырақ адамдық болмыстың биік рухты ордасы екендігін дәлелдей түскен пікірлер – ҚазҰУ қабырғасында білім алатын әр студентке адам болу қағидасын сезіндіріп тұрғандай болды. Мәселен, филология факультетінің деканы Қансейіт Әбдезұлы: "Университетте гуманитария саласын дамытуды қолға алуымыз өте маңызды. ҚазҰУ гуманитария саласының көшбасшысы тізгінін ешкімге берген емес. Мұнда қазақтың ұлттық патриоттық сезімі тәрбиеленеді. Бүгінде қазақ зиялыларына серпілетін кез келді. Тәуелсіз мемлекеттің әдебиетін оқытайық", – деп атап өтті. Сонымен бірге филология факультетінің деканы университет факультеттерінде ұйымдастырылып жататын рухани шараларға өзара араласып, пікір бөлісіп тұруды ұсынды. Әр факультеттің ғалымдары бір-бірімен тәжірибе алмасып, жаңалықтарға бірдей қатысып отырса, гуманитария саласында факультетаралық байланыс нығая түсер еді деген ойды айтты. Адами болмыс кітапты көп оқып, тілді меңгеру, әдебиет пен мәдениет, тарихтағы сауаттылықпен өлшенетіндігін ескерген экономика және бизнес факультетінің деканы Баян Жүндібайқызы студент білуге тиіс классикалық әдебиет туындыларын оқу үдерісіндегі силлабусқа міндеттеп, тізімін енгізуді ұсынды. Ал, бүгінде осы саланы дамытуда нақты жүзеге асып жатқан шаралармен бөліскен шығыстану факультетінің деканы Нұржамал Алдабекқызы аталмыш факультетте "Жанында жүр жақсы адам" деген тақырып аясында ғалымдардың еңбектері мен ойлы сөздері насихатталып жатқандығын айтты. Шығыстану факультетінің студенттері болашақта шетелге көп шығатын мамандар екендігін ескерсек, Қазақстаннан баратын өкіл ретінде еліміздің тарихын, мәдениетін, әдебиетін жан-жақты біліп тұруын басты назарда ұстайтындықтарын айтты.

Гуманитарлық бағыттарды қамтыған жиын жастар тәрбиесі мен ар ілімінің дамуына, саналы түрде ықпал ететін әр тәрбиеленушінің ар-ұяты мен адамгершілігін дамытатын ұлттық идеяларды дүниеге әкеліп, университеттік деңгейде ғана емес мемлекеттік дәрежеде насихатталатындай деңгейге жетуіміз керек деген ойды түйді. Ғұлама ғалым Ахмет Байтұрсынов: «Біз әрқашанда білімге ұмтыламыз. Негізінде ең бірінші тәлімге ұмтылуымыз керек. Бізге тәлімді рух, тәрбиелі білім қажет. Тәрбиелі білімдер... Міне адам! Міне тұлға!» - деп білімнен бұрын тәрбиеге көңіл аудару керектігін, тәрбиесіз адамға берілген білімнен ешқандай пайда жоқтығын баса көрсеткен. ҚазҰУ-да өткен бұл отырыстың ұстанымы ұлт зиялысының ойын жалғап тұрғандай. Мұндай ойларды жүзеге асыру үшін әр тәрбиеші саналы түрде еңбек ету керектігін айтқан университет басшылығы ел болашағын ойлаған Абай бастаған даналар еш штатты, ешбір еңбекақыны негіз етпестен ұлттың қамын ойлады, сондықтан, тәрбиені дамытуда ел болашағын жарқын етіп, жастарды тәрбиелеуде саналы түрде қызмет етейік деген ойларға жетеледі. Тәрбиенің түйінді-түйінді басымдықтарын алға тартқан көшбасшы университеттің мұндай шаралары бүгінгінің Абайын, Шәкәрімі мен Ахметін, Сұлтанмахмұты мен Мағжанын қалыптастырып, ұлт зиялылығын дамыта түсер құндылық екені сөзсіз.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

Білімді әлем бақытты болашаққа бастайды

КАФЕДРА

Биылғы жылдың еліміз үшін маңызы мен мәні зор. Ел тәуелсіздігімен қатар келген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бұл Жолдауы да ерекше маңызға ие. Өткеніміздi өлшеп, саралайтын, бағындырғанымызды бағалайтын да дәл осы жыл болғалы отыр. Өйткені, 20 жыл деген аз уақыт емес-ті.

Бүгінде біздің ауыз толтырып айтарымыз, мақтанарымыз жоқ емес. Дегенмен, оны алыстан іздеу де жөн емес. Мемлекетіміздің үлкен жетістігі, елбасымыздың салиқалы саясатының жарқын көрінісі деп еліміздегі бейбітшілікті, тыныштықты, достықты айтсақ та жетіп жатыр. Киелі жерімізді мекен еткен түрлі этнос өкілдерінің бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүруі – нағыз жеңіс. Ал жуырда өткен ЕҚЫҰ-ның саммиті мен Қысқы Азиада ойындарын өткізудің жөні өз алдына.

«Болашақтың іргесін бірге қалайық» атты Елбасымыздың кезекті халқына жолдауы білім мен ғылым саласы үшін ерекше. Бүгінде оқу орындарында компьютерлендіру аяқталып, мультимедиялық интерактивті жабдықтау орнатылуда, 12 жылдық орта білімнің моделі енгізілуде. Барлық бүлдіршіндерді балабақшамен қамту өз ретінде шешімін тауып келеді. Электронды оқу жүйесіне көшу де елімізде артта қалып жатқан жоқ, ол бүгінде 50 пайызға жетті. Сондай-ақ, республика көлеміндегі 149 ЖОО сапа жағынан сараланып, студенттердің шәкіртақысы көтерілуде. Жасалып жатқан мұның бәрі, әрине, сапалы білімге жету жолындағы іс-әрекеттер.

Бүгінде оқу орындарын бітірген жас мамандар да жұмыссыздық күйін кешуден жырақтаған. Олардың жұмыспен қамтамасыз етілуі мемлекет тарапынан қарастырылуда. Сонымен қатар, бүгінде шетелдік ЖОО-мен тікелей тәжірибе алмасуға мүмкіндіктер жасалып жатыр.

Осы тұста ана тілі жағдайының жақсарып келе жатқандығын айта кеткен жөн. Жасалып жатқан жан-жақты іс-шаралар да қазірде өз нәтижесін көрсетіп үлгерді: бүгінде елімізде халықтың 70 пайызы қазақ тілінде сөйлейді. Қазір бұл көрсеткішті 2020 жылға қарай 95 пайызға көтеру жоспарланып отыр. Бұл мәселе де Елбасы жолдауында өз орнын тапты.

Әр жаңа жолдау жаңа мазмұнға ие және оны ел-жұрт жаңа ықыласпен күтеді. Өйткені, мұнда жасалған істерге баға беріліп, болашаққа бағыт сілтеледі.

Жарқын болашақ – жалынды жастардың қолында. Қазақстанның да сенері, үміт артары – жастар. Олай болса, бүгінгі жасалып жатқан жағдайды болашаққа жүктелген жауапкершілік деп қабылдаған жөн.

Әйгерім НӘЛДІБЕКОВА,
журналистика факультетінің 3-курс студенті

Елбасы жолдауы – болашаққа тыңғылықты бағдар

Елбасының биылғы Жолдауы сарапшылардың пікірінше, «Қазақстан-2030» бағдарламасының іске асу кепілі әрі ел дамуының айқын бағдары. Тағы бір айта кететін мәселе, жыл сайын дәстүрге айналған Жолдау – маңызды құжат және тың ақпарат көзі болын саналады. Сондықтан, бағдарлы жолдау ешқашан әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттерінің назарына тыс қалған емес. Биыл да олар белсенділік танытып, жолдау жариялана салысымен Жастар ұйымдары комитетінде бас қосып, жолдауда көтерілген мәселелерге үн қосты. Төменде сол талқылаудан біраз пікірлерді беріп отырмыз.

ЖОЛДАУ АЛДЫМЫЗҒА АЙҚЫН МАҚСАТТАР ҚОЙДЫ

Қазақстан биік белестерді бағындыратын жаңа мүмкіндіктерге жол ашты. Еліміздегі дамудың маңызды алғы-шартына айналған Қазақстан бірлігі моделі бүкіл әлем назарына түсіп, оң бағаға ие болды. Бүгінгі таңда еліміздің әлемдік сахнада беделді орын алуы – осындай сарабдал саясаттың, ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың абыройының арқасы. Беделді халықаралық ұйымға төрағалық етуі де – елімізге көрсетілген зор сенімнің белгісі. Жаңа жыл саяси өмірдегі толағай жетістіктермен қатар, спорт әлеміндегі ең айтулы оқиғалардың бірі «Ақ Азиада» ойындарының өткізуімен басталды. Жаңа жылды осындай жауапты үлкен іспен бастап, алдағы уақытта елімізге зор мүмкіндіктерін пайдаланып биік жетістіктерге жетуді мақсат қойып отыр.

Елбасы келесі онжылдыққа қойған бүкілхалықтық міндет – еліміздің әлеуметтік дамуының мәселелерін түбегейлі шешу болмақ.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізі болуы тиіс инновациялық зерттеулерді жүзеге асыруды мемлекет басшысы жоғары оқу орындарының еншісіне қалдырды. Биылғы жолдауда еліміздің жоғары оқу орындары жастар үшін зор мүмкіндік беретін еліміздің бас қаласында ашылған Н.Ә.Назарбаев университетінің үлгісінде құрылуы тиістігіне баса назар аударылды. Бұл міндетті жүзеге асыруда еліміздің көшбасшы жоғары оқу орны – ҚазҰУ-ға үлкен салмақ түсері сөзсіз. Сондықтан ҚазҰУ студенттері заманның озық жоғары технологияларын жетік меңгерген, елімізде индустриялық дамудың ақпараттық өркендеуіне үлес қосатын білімді, әрі қабілетті, өз елінің патриоты, рухы жоғары интеллектуалдық ұрпақ, ел жастарының элитасы ретінде алдыңғы шептен көрінуі тиіс.

Қашан да болсын қоғамның негізгі қозғаушы күші және жаңалықтың жаршысы – жастар. Сондықтан да еліміздегі болып жатқан жаңарулар мен қоғамдық өзгерістер жастардың назарынан тыс қалмайды. «Кез келген ел өз келешегін болашақ ұрпағымен байланыстырады. Тәуелсіз ел іргесінің берік болуы білімді мамандардың, отыншыл, ұлтжанды, рухани дүниесі кең азаматтардың қолында», - деп, Елбасы жастарға зор сенім артады. Еліміздің әрбір азаматы басты байлығымыз тәуелсіз Қазақстан екенін әрдайым естен шығармауы тиіс. Қоғамымыздың тұрақтылығын сақтау, Қазақстан халқының бірлігін нығайту, ұлттық келісімді насихаттау – бүкіл Қазақстан халқының міндеті. Себебі бірлігі жарасқан елдің ғана экономикалық әлеуеті мықты болмақ.

Назира БОЛДУРУКОВА,
Жастар ұйымдары комитетінің жетекшісі

ОПЫТ И ЗНАНИЯ СИЛЬНЕЕ ВСЕГО!

Послание Президента Казахстана является мощным импульсом в направлении экономико-инновационного развития страны. Также одним из направлении указано развитие полноценного цикла образования: с дошкольных учреждений и продолжением постоянного повышения квалификации кадров. Непрерывная цепочка образования к 2020 году покажет свои результаты и даже раньше. Эти смелые шаги реформирования в образовании будут залогом успеха развивающегося, молодого, независимого Казахстана.

Мы, молодежь нашего государства, полностью поддержим реализацию поставленных задач. Сейчас наша задача – это перенимание опыта в работе у старшего поколения, черпая знания из учебников науки и реализуя в настоящем. Акцент на развитие высшего звена образования будет приносить отличные показатели не только в науке, но и в других сферах динамично развивающегося Казахстана. Обладая сильной базой, последними знаниями и гражданской активностью, мы студенчество КазНУ им. аль-Фараби, обязуемся полностью всеми возможностями поддержать данное направление из послания Президента Нурсултана Абишевича Назарбаева!

Асфендияр КУШЕНОВ,
председатель Сената студентов

20 ЖЫЛ БОЙЫ АЙҚЫН ДАМУ МЕН ӨРКЕНДЕУГЕ

Биылғы жылы тағы да еліміздің ертеңін айқындайтын, өткенін саралайтын елбасымыздың халыққа жолдауы болып өтті. Жолдау әр қазақстандық үшін жағымды жаңалықтар мен сенімділік әкелді.

Жыл өткен сайын қарыштап дамып келе жатқан тәуелсіз еліміз үшін Елбасы жолдауындағы орындалуы тиіс міндеттер айқын қойылған. Елбасы, ұлт көшбасшысы өз жолдауында білім беру саласына жаңа өзгертулер мен толықтырулар еңгізу керек екендігін айтты. Еліміздің дамуы білімді және нақты ғылымға бет бұрған жастардың қолында екендігі анық. Ал 12 жылдық білім жүйесінің еңгізілуі, бұл осыған апаратын баспалдаққа айналатынына кәміл сенемін. Мектепке дейінгі даярлау мекемелерінің, балабақша мен мектеп санының жыл өткен сайын көбеюі Елбасымыздың білім мен ғылымға баса назар аударатындығын білдіреді.

Сонымен қатар, жолдау ЖОО-ның әлемдік рейтингіде алғашқы орындарды иемдену керектігін алға қойды. Бұл біздерге артылған сенім мен тапсырма. Сондықтан біз, Қазақстанның ең беделді университетінің студенттері, Елбасымыздың сенімін абыроймен ақтап, ҚазҰУ-дың әлемдік аренадағы орнын нақтылауға бар күш-жігерімізді салуымыз керек. Білімді ұрпақ – ел болашағы, ал еліміздің болашағы жарқын болсын десең, Елбасымызбен бірге гүлденген Қазақстанды құруға атсалыс! Еліміздің ертеңі білімді де, жан-жақты студенттер қолында.

Ақтоты ОМАРОВА,
«Алтын сапа» пікірсайыс клубының төрайымы

ПРАВИЛЬНЫЙ ВЫБОР – УВЕРЕННЫЙ ШАГ В БУДУЩЕЕ

28-го января Нурсултан Абишевич Назарбаев обратился к народу с ежегодным посланием Президента к жителям Казахстана. В своем послании Нурсултан Абишевич прокомментировал все важнейшие вопросы нашего государства. «Стратегия – 2030» находится уже почти в полном осуществлении. Также глава государства подписал стратегию на 2020 год, в котором говорится о том, что в нашем государстве к 2020 году не будет таких проблем как: подача воды, света, газа, что каждая семья сможет позволить своему ребенку высшее образование и оплатить его. Также в послании президента есть пункт, в котором говорится о том, что в июне месяце будет повышена стипендия студентов и пенсионное пособие для пенсионеров на 30%.

Нурсултан Назарбаев также особое внимание уделяет развитию языков, в частности, казахского как государственного языка. В его послании много раз было сказано про развитии и восполнении баланса по учебной части. Что Казахстан будет ведущим в области знания по всему миру. Вопросы с детскими садами уже практически решены. Президент Казахстана подписал указ о разрешении проблемы с безработицей. К 2020 году безработные жители нашего государства будут иметь постоянный и стабильный доход. Наш президент является лидером нашей нации, нашего народа. Впереди нам предстоит пройти голосование на звание нашего лидера и президента. Но я надеюсь, наш народ единогласно проголосует за первого президента и нашего лидера Нурсултана Назарбаева. Ведь его председательство над нашей страной принесло лишь процветание и рост нашего государства. Об этом говорит председательство в ОБСЕ и проведение 7-х зимних Азиатских игр. А также и тот авторитет, которым мы уже пользуемся в других странах.

Айнур ДУЙСЕНОВА,
председатель маслихата факультета журналистики

ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫ – ЕЛ ЕРТЕҢІНІҢ КЕПІЛІ

Кең байтақ жерді алып жатқан тәуелсіз мемлекетіміз – Қазақстан 20 жылдың ішінде көптеген айшықты белестерден өтті. Біз еліміздің толағай табыстары мен жетістіктерін сөзсіз Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың есімімен байланыстырамыз. Ұлт көшбасшысының биылғы жолдауында азаматтарымыздың әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға қатысты шаралардың үлкен ауқымы көрініс тапты.

Жолдауда белгіленген алдағы он жылдықта белгіленген өрлеу басымдықтарын іске асыруға қазақстандықтардың барлығы белсенді атсалысары сөзсіз.

Себебі, Елбасымыз жедел экономикалық, әлеуметтік модернизация, білім беру, денсаулық сақтау, сапалы ауыз су, тілдерді дамыту, жұмыспен қамтамасыз етудің стратегиясы, ауыл шаруашылығының мәселелеріне айрықшы көңіл бөлді. Биылғы тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы барысында «Мерейтойлық жыл жаңа өндірістердің ашылуы, жаңа жұмыс орындарының құрылуы, әлеуметтік-мәдени нысандардың бой көтерер жылы болуға тиіс», – деді.

ЕЛБАСЫ – ЕЛ ЖАСТАРЫНЫҢ ТІРЕГІ

Жыл сайын Елбасымыздың халыққа арналып, болашақты айқындайтын жолдауларын ҚазҰУ студенттері бір үйдің баласындай тыңдап, өз ойларымен бөлісуде. Қазақстан халқының өркендеуіне, еліміздің ертеңгі келешегі үшін атқарып жатқан Елбасымыздың істері біз үшін әрдайым үлгі-өнеге. Әлеуметтік бағдарламалар, білім беру, денсаулық сақтау, қол жетімдерге үй салу, елді мекендерді толық ауыз сумен, газбен қамтамасыз ету шаралары Елбасының салиқалы саясатында толық қамтылған. Жастар саясатын көтеріп, қолдау көрсетуі біздің жүрегімізге, жарқын болашаққа деген нық сенім ұялатады.

«Бір елдің болашағына болжам жасау үшін, оның жастарына қарау керек» деп бір ғұлама ойшыл айтып кеткен екен. ҚазҰУ-дың жастары ел болшағының жарқын буыны!

Ә.М. ҚАРАҚОЖАЕВА,
«Сұңқар» студенттер кәсіподағы төрайымының орынбасары

Президенттің халыққа жолдауы еліміз үшін келелі міндеттерді айқындап берген, ғылымды дамытудың тұжырымдамасымен негізделген стратегиялық даму жоспары ретінде аса маңызды деп білемін.

Ел тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында біз Елбасының басшылығымен ең күрделі экономикалық міндеттерді шешеміз. Жолдаудағы ел алдында қойылған биік мақсаттар мен міндеттерді Елбасы Н.Ә.Назарбаевпен бірге табысты жүзеге асыратынымызға сенімміз мол.

Назира МҰРАТБЕКОВА,
биология факультетінің 3-курс студенті

ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫ – КЕМЕЛДІ КЕЛЕШЕКТІҢ БАСТАУЫ

Тәуелсіздіктің 20-жылдығына қадам бастық. Осы аз ғана мерзімде үлкен биіктерге жеттік. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың көшбасшылығымен біздің еліміз өзін саяси тұрақты, жас әрі қарқынды дамып келе жатқан мемлекет ретінде көрсетті. Биылғы ҚР Президентінің халыққа жолдауын осы жетістіктердің қорытындысы ретінде қарауға болады. Жолдауда білім саласына ерекше көңіл аударылды. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» демекші өткен жылдың өзінде «Бөбек» бағдарламасы аясында ескі балабақшалар жөндеуден өткізіліп, жаңа балабақшалар салынды, жаңа интеллектуалды мектептердің ашылуына жол ашылды, республика аумақтарына жаңа мектептер құрылысы бой көтеріп, оқулықтар мен компьютерлік құрылғылармен қамтамасыз етілді. Білім берудің 12 жылдық жүйесіне 2015 жылға дейін көшуіміз керектігі де баса айтылды. Еліміздің жалынды жастарының басым бөлігі ЖОО студенттері. Осы жастарға сапалы білім беру мақсатында жаңа жүйеге көшу қажеттілігі туындап отыр. Осы орайда «Назарбаев Университетін» жаңа жүйеге көшудің классикалық үлгісі ретінде қарастыра отырып, университетіміздің ғылыми-зерттеу институтына айналуы жолындағы өзгерістерін дер кезінде қолға алынған стратегиялық шара деп есептейміз.

XXI ғасырға аяқ басқан тәуелсіз еліміздің соңғы он жылдықтағы жеткен жетістіктері біздің таңдап алған стратегиялық бағытының дұрыстығын тағы да бір дәлелдеп берді. Біз қазіргі жас ұрпақ еліміздің қиын-қыстау кезеңдерді артқа тастап, тұрақтылық пен ынтамағы жарасқан осындай сәтінде өмір сүріп отырған қазақстандықтардың жаңа буыны ретінде Елбасының жолдауында айқындалған міндеттерді жүзеге асыруда бар күш-жігерімізді аямаймыз!

Сұлтан КЕНЖЕЕВ,
заң факультетінің 4-курс студенті

СВОБОДА. ЕДИНСТВО. СТАБИЛЬНОСТЬ. ПРОЦВЕТАНИЕ!

С первых минут выступления Нурсултана Назарбаева с посланием к народу Казахстана мы были воодушевлены теми результатами, которых достигла наша республика за последние годы. Стратегия нашего президента по развитию и улучшению благосостояния народа дает хорошие результаты и, по словам Нурсултан Абишевича, будет продолжаться и набирать обороты. «Главная цель всей нашей работы по подъему экономики индустриализации - это благосостояние нашего народа», - говорится в послании. Немаловажно, что президент уделяет большое внимание социальной модернизации, от которой зависит качество жизни всего населения нашей страны.

Для нас, студентов Казну им. аль-Фараби, как будущих специалистов очень важен вопрос развития образования и науки. Новый путь, отраженный в послании президента, по развитию университетского образования и науки отражает требование мировой науки, с помощью которой мы выйдем на новую ступень по разработке инновационных отечественных технологий. Звание магистров и докторов Phd с высоким уровнем подготовки - это новый стимул для молодых ученых и новый шаг для развития науки нашей страны!

И с девизом «Свобода, Единство, Стабильность, Процветание» мы смело вступаем в новый год для того, чтобы достигать новых высот!

И Мы, студенты Казахского Национального университета им. аль-Фараби, окажем полное содействие на пути процветания Республики Казахстан!

Сауле ИШАНГАЛИЕВА,
руководитель экодвижения студентов КазНУ